

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАДНАМА

СІЗДЕРДІҢ ӘРҚАЙСЫҢЫЗҒА БУЛЛИНГ ТУРАЛЫ НЕНІ БІЛУ КЕРЕК
ЖӘНЕ ОНЫМЕН ҚАЛАЙ КҮРЕСУГЕ БОЛАДЫ?

«Біреуді қорлағанда, оның әрқашан себебі болатын сияқты.
«Ол сондай ғой! Қандай? Бұл шын мәнінде маңызды емес.
Тым ақылды, тым ақымақ, тым семіз, тым арық, тым оғаш,
тым қарапайым, киген киімі, бір нәрсемен айналысады.
Иә, онда тұрған не бар! Өкінішке орай, тиісуге себеп табылады.
Мәселе кімді қорлағанда емес, адамның қасиеттері мен
ерекшеліктерінде де емес. Егер солай болса, онда барлық
жағдайларда бірдей болар еді: тек семіздерді немесе тек жаман
оқитындарды қорлайды. Кейде оларға мүлдем тиіспейді, керісінше
сымбаттыларды қорлайды.



! Адамды қорлауға жол беретін де, құтқаратын да ерекше қасиеттер жоқ.
Ол нақты адамдарға байланысты емес. Буллинг – бұл топтың жаман
әдеті. Егер сыныпта буллинг әдеттегідей болса, онда олар кез келген
адамды қорлайды. Егер топта ондай ұғым болмаса, барлық бала онда
тату және тыныш өмір сүре алады.

Сыныпта немесе кез келген басқа ұжымда қорлау пайда болған кезде, кейде бұл тек ренжіген адам үшін жаман болып көрінеді. Ол ренжиді, мектепке барғысы келмейді, кейде тіпті өмір сүргісі келмейді. Иә, ол шынымен де аянышты. Бірақ қорлау жәбірленуші үшін ғана жаман емес. Егер сыныпта біреуді мазақтаса, бұл ережеге айналса, егер қорлайтындар мұны дұрыс деп санаса, бұл қалыпты жағдайға айналып, оларды ешкім тоқтатпайды – бұл бүкіл сыныптың өмірін өзгертеді. Енді ешкім өзін қауіпсіз сезіне алмайды: бүгін олар біреуді қорласа, ертең оның орнында өзі болуы әбден мүмкін. Өйткені олар біреуді қорқытудан ләззат алуға, басқа адамның есебінен өзін-өзі растауға дағдыланған. Ал, ертең Даша интернеттегі парақшасын жауып, оған жазылған жағымсыз нәрселерді оқымаса немесе қорлаушылар бас киімін лақтырып ойнаған бала басқа мектепке кетіп қалса, сонда не істеу керек? Енді немен көңіл көтеру керек? Кімге қарсы болу керек?



Ондай кезде, кез келген адам жаңа құрбан болады. Шынында да, біздің сыныпта қорлау әдетке айналған және оларға ұнамаса да, бәрі мұны біледі және бәрі қорқады. Адам үнемі бір нәрседен қорқатын болса, оған өмір сүру де қиын: оқу қиын, қуану және дос болу...



БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАДНАМА

СІЗДЕРДІҢ ӘРҚАЙСЫҢЫЗҒА БУЛЛИНГ ТУРАЛЫ НЕНІ БІЛУ КЕРЕК
ЖӘНЕ ОНЫМЕН ҚАЛАЙ КҮРЕСУГЕ БОЛАДЫ?

Психологтердің айтуынша, егер сыныпта қорлау болса, онда балалардың оқуы нашарлайды. Барлығының да, тек қорлық көретіндердің ғана емес. Өзі қорлық көрмеу үшін, ол жақсы балаларды қорлауға қатысуға мәжбүр болады. Олар осындай әрекеттер арқылы өздерін аз да болса, қауіпсіз сезінеді.



Жәбірленушіге қолдау көрсету де қорқынышты: егер олармен бірге болмаса, ертең олар оның өзін де қорлайды. Олар өздерінің қылықтары дұрыс еместігін түсінеді, бірақ бәрібір тоқтамайды. Себебі қорлайтындар және қорлық көретіндер бар...

Өз орныңды таңда. Қорлаусыз өмірді, тату сыныпта өмір сүруді ешкім елестете алмайды. Кейде жасы ұлғайған сайын, адамдар өздерінің жасаған бала кезінде біреуді қорлағаны, жағымсыз әрекеттері үшін қысылып, ұялады. Бірақ сол кезде бұл оларға жалғыз жол болып көрінген еді. Немесе олар не болып жатқанын соңына дейін түсінбеді»

Л. В. Петрановская,
отбасылық психолог



БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАДНАМА

СІЗДЕРДІҢ ӘРҚАЙСЫҢЫЗҒА БУЛЛИНГ ТУРАЛЫ НЕНІ БІЛУ КЕРЕК
ЖӘНЕ ОНЫМЕН ҚАЛАЙ КҮРЕСУГЕ БОЛАДЫ?

Буллинг (ағылшынша bullying сөзінен – «қорқыту, қорлау») – психологиялық қысымды, мазақ етуді, ұрып-соғуды, қорқытуды, белгілі бір адамға қатысты қайталанатын агрессия, оның ішінде оны қандай да бір әрекетке мәжбүрлеу, күшін, беделін, әлеуметтік жағдайын теріс пайдалану дегенді білдіреді.



◆ Егер сыныпта біреуді қорласа, одан сырт қалу қиын.

Буллингтің түрлі көріністері болуы мүмкін,
бірақ оған әрқашан үш жақ қатысады.



! Буллингке қатысушылар

- ◆ **Агрессор (буллер, қорлаушы)** – басқа балаларды қудалайтын, зорлық-зомбылықты бастайтын немесе оған қосылатын адам; «агрессята» - агрессорды қолдайтындар.
- ◆ **Жәбірленуші** – агрессия (зорлық-зомбылық) бағытталған адам.
- ◆ **Бақылаушы** – қудалауға қатыспайтын, бірақ оны тоқтатпайтын адам.

! Буллерлердің мақсаты – жәбірленушіні бір рет ренжіту емес, оны жүйелі түрде азаптау, сондықтан олар агрессияның жанама түрлерін, көбінесе психологиялық қорлауды таңдайды:

- ◆ ауызша қорлау;
- ◆ оқшаулау және бойкот (ешкім жәбірленушінің жанында отырғысы келмейді, онымен сөйлескісі келмейді);
- ◆ жеке заттарды бүлдіру;
- ◆ жәбірленуші жағымсыз әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу;
- ◆ физикалық күш қолдану (итеру, тепкілеу, киімнен, шаштан тарту және т.б.).